

С.Т. Бапаева¹, А.А. Касымжанова¹

¹»Тұран» университеті

(Алматы, Қазақстан, e-mail: saya_bapaeva@mail.ru, anara3008@mail.ru)

ТҰЛҒАНЫҢ БЕЛГІСІЗДІККЕ ТОЛЕРАНТТЫҒЫ МЕН СТРЕССКЕ ТӨЗІМДІЛІГІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа

Белгісіздікке толеранттылық әртүрлі зерттеу аумақтарында зерттеу үшін танымал пәндердің біріне айналууда. Бірқатар зерттеулер белгісіздікке толеранттылық пен стресске төзімділіктің өзара байланысына арналған. Аталмыш мәселе шетелдік психология ғылымы үшін жаңалық болмағанымен, қазіргі уақытта өзектілігі артуда. Белгісіздікке толеранттылықтың қазіргі заманғы зерттеулерінің талдауы оның стресске төзімділікпен өзара байланысы турасында айшықтауда. Мақалада сыналушылардың белгісіздікке толеранттылығы мен стресске төзімділігінің өзара байланысының, сонымен бірге аталмыш айнымалылардың тұлғаның жыныстық, жас ерекшеліктеріне қарай айырмашылықтарын эмпирикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған. Белгісіздікке толеранттылық пен стресске төзімділіктің өзара байланысы мен жыныстық және жас ерекшелік айырмашылықтарын айқындау үшін келесі әдістемелер қолданылды: В.В.Распопиннің «Стресс көздеріне төзімділік шкаласы», С.Баднердің «Толеранттылық және интолеранттылық шкаласы», Маклейннің «Белгісіздікке төзімділік шкаласы». Жүргізілген зерттеу жұмысы респонденттердің белгісіздікке толеранттылығы мен стресске төзімділігінің жыныстық ерешелігіне қатысты айырмашылығының болмайтындығын және жас ерекшелігіне қарай тек өз тұлғасын стрессогенді бағалауда өзіндік айырмашылықтары болып, айнымалылардың өзара байланысы туралы жалпы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: белгісіздік, белгісіздікке толеранттылық, белгісіздікке интолеранттылық, стресс, стресс көздері, стресске төзімділік, тұлға.

С.Т. Бапаева¹, А.А. Касымжанова¹

¹ Университет «Туран»

(Алматы, Қазақстан, e-mail: saya_bapaeva@mail.ru, anara3008@mail.ru)

ИССЛЕДОВАНИЕ ВЗАИМОСВЯЗИ ТОЛЕРАНТНОСТИ К НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ И СТРЕССОУСТОЙЧИВОСТИ ЛИЧНОСТИ

Аннотация

Толерантность к неопределенности становится одной из популярных дисциплин для исследований в различных областях исследований. Ряд исследований посвящен определению взаимосвязи толерантности к неопределенности и стрессоустойчивости. Несмотря на то, что данная проблема не является новой для зарубежной психологической науки, в настоящее время она приобретает все большую актуальность. Анализ современных исследований толерантности к неопределенности свидетельствует о ее взаимосвязи со стрессоустойчивостью. В статье представлены результаты эмпирического исследования взаимосвязи толерантности испытуемых к неопределенности и стрессоустойчивости, а также различий указанных переменных по половому, возрастному признаку. Для определения взаимосвязи толерантности к неопределенности и стрессоустойчивости и различий в половом

и возрастном отношении использовались следующие методики: «Шкала толерантности к источникам стресса» В. В. Распопина, «Шкала толерантности и интолерантности» С. Баднера, «Шкала толерантности к неопределенности» Маклейна. Проведенная исследовательская работа позволяет сделать общий вывод о том, что толерантность к неопределенности и стрессоустойчивость респондентов не имеют статистически значимых различий в отношении пола, но имеют отличия в стрессогенной оценке собственной личности по возрасту .

Ключевые слова: неопределенность, толерантность к неопределенности, интолерантность к неопределенности, стресс, источники стресса, стрессоустойчивость, личность.

S.T. Bapayeva¹, A.A. Kassymzhanova¹

¹Turan University

(Almaty, Kazakhstan, e-mail: saya_bapaeva@mail.ru, anara3008@mail.ru)

THE STUDY OF TOLERANCE TO AMBIGUITY AND STRESS RESISTANCE OF THE INDIVIDUAL

Annotation

Tolerance to ambiguity is becoming one of the popular disciplines for the study in various fields of research. A number of studies are devoted to determine the relationship between tolerance to ambiguity and stress resistance. Despite the fact that this problem is not new to foreign psychological science, it is currently becoming increasingly relevant. The analysis of modern studies of tolerance to ambiguity indicates its relationship with stress resistance. The article presents the results of an empirical study of the relationship between the tolerance of the subject to uncertainty and stress resistance, as well as the differences of these variables by gender, age. To determine the relationship between tolerance to ambiguity and stress resistance and differences in gender and age, the following methods were used: "The scale of tolerance to sources of stress" by V. V. Raspopin, "The scale of tolerance and intolerance" by S. Badner, "The scale of tolerance to ambiguity" by Maclean. The conducted research work allows us to draw a general conclusion that the tolerance to ambiguity and stress tolerance of respondents do not have statistically significant differences in relation to gender, but they have differences in the stress assessment of their own personality by age.

Keywords: *indeterminacy, tolerance to ambiguity, intolerance to uncertainty, stress, sources of stress, stress tolerance, personality.*

Кіріспе.

Отандық және шетелдік психологиялық зерттеулерде «белгісіздікке толеранттылық» сияқты ғылыми конструктінің қолданылуы сирек кездеседі, дегенмен шетелде оның даму тарихы 60 жылдан асады. Алғаш рет Э. Френкель-Брунsvик еңбектерінде айтылған сәттен бастап [1] оның мазмұны көптеген өзгерістерге ұшырады, сонымен қатар түрлі ғылыми құрылымдармен байланысы айқындалып, олардың әрқайсысы үшін арнайы диагностикалық әдістер жасалды.

Бастапқыда белгісіздікке төзімділік ұғымы XX ғасырдың 40-жылдарының соңында Т.Адорноның басшылығымен жүргізілген авторитарлық тұлғаны зерттеу жобасы аясында қалыптасты. Оның нәтижелері бойынша авторлар тоғыз психологиялық ерекшелікпен сипатталған тұлғалық типті («авторитарлық тұлға») анықтады: орта таптың құндылықтарына тұрақты сенімділік; авторитарлық бағыну; авторитарлық агрессия; қатаңдық және стереотиптік ойлау; мистикаға бейімділік; күш пен қаттылықты қолдау; деструктивтілік және цинизм; анти-интрацепция (барлық шығармашылыққа антипатия сияқты); жыныстық өмір мәселелеріндегі мораль [2]. Э. Френкель-Брунsvик болса психоанализден ұласқан амбиваленттілік тұжырымдамасына сүйенді. Ол амбиваленттілікті бір объектіге бағытталған әртүрлі импульстардың бір уақытта болуы, қамқорлықтан жеккөрушілікке дейін, эмоционалды

тартымдылықтан бас тартуға дейінгі ұғымын анықтайды. Ол эмоционалды амбивалентті теріске шығару және танымдық белгісіздікке интолеранттылық бірдей негізгі сапаның әртүрлі аспектілері болуы мүмкін деп болжады. Ол авторитарлық тұлғаның қасиеттерінің қорытынды тізіміне енбеген, өйткені ол үшін ерекше емес, әлдеқайда кең ауқымды мағынада қолданылады.

Белгісіздікке толеранттылықты Э. Френкель-Брунsvик аталмыш сапаның танымдық құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Оның «uncertainty» (белгісіздік) емес, «ambiguity» (екі ұштылық) терминін қолданғаны кездейсоқ емес. Ол адамның, бір объектіге қатысты оң және теріс сезімдерді қатар кешіру қабілеті туралы айта отырып, аталмыш қабілеттің маңызды эмоционалды-танымдық жеке айнымалы болғандықтан оны дербес эмоционалды қосарлылығымен шатастырмау керек деп тұжырымдайды. Френкель-Брунsvик белгісіздікке толеранттылықтың экстремалды формасын «қара-ақ типтегі пайымдауларға жүгіну, шындықтан жиі бөлек жедел қорытынды жасау үрдісі «деп анықтайды [1, p. 115].

Аталмыш ұғымды ары қарай талдау барысында мамандар «екі ұштылыққа толеранттылық» (tolerance of ambiguity) және «белгісіздікке толеранттылық» (tolerance of uncertainty) ұғымдарының ара жігін ажыратуға әрекет ете бастайды. Кейбір авторлардың пікірінше, екіұшты жағдай (мысалы, [3] қараңыз) қайшылықты, мәселен бір-бірімен сәйкес келмейтін ақпарат пен логикалық қарама-қайшылықтарды қамтиды. Екіұштылыққа толеранттылық, осылайша, қарама-қайшы ақпаратты білуге және шындықтың қарама-қайшы талаптарына қарсы тұруға қатысты қолданылады деуге негіз бар. Белгісіздіктен аулақ болуға деген ұмтылыс және екіұштылыққа деген интолеранттылық, басқа авторлардың пікірінше, бір-бірімен байланысты [3], алайда белгісіздік-бұл екіұштылыққа қарағанда ауқымдырақ ұғым, өйткені ол белгілі баламалардың болу-болмауын болжайды («немесе – немесе» қағидаты бойынша), ал біріншісі абсолютті белгісіздікті қамтиды.

Кей зерттеушілер «Беймәлімділікке толеранттылық» (Unsicherheitstoleranz) терминін қолданады. Мысалы, К.Д.Альберттің [4] ұстанымына сәйкес, жағдайдың кейінгі дамуы туралы ақпарат жеткіліксіз болған кезде беймәлім жағдай орын алады, яғни ол уақыт факторына байланысты туындайды. Автордың пікірінше, беймәлімділікке толерантты адамдар белгісіз жағдайларды сын ретінде бағалап, ондай жағдайларды іздеумен болады, ал беймәлімдікке интолерантты адамдар белгісіз жағдайларды қауіп ретінде кешіреді. Мұндай жағдайлар туындаған кезде интолерантты адамдар олардан бас сауғалауға тырысып бағады, ал ол әрекетке мүмкіндік болмаған жағдайда оларды тезірек аяқтауға тырысады.

Осылайша, Э.Френкель-Брунsvиктің алғашқы идеясы келесі онжылдықтар ішінде айтарлықтай талдау жасалынып, кең ауқымда қарастырылды деуге толық негіз бар. Біріншіден, егер бастапқы нұсқада нақты бір тұлғаның психологиялық сипаттамасы туралы сөз етілген болса, кейінірек адамның объективті шындықпен өзара әрекеттесуінің маңызды аумақтарын сипаттайтын тұрақты сипаттағы қандай да бір іргелі психологиялық өлшем турасында түсінік қалыптасты. Екіншіден, егер бастапқыда идея авторы «екіұштылық» (ambiguity) ұғымына сүйенсе, яғни ол адамның эмоционалды және танымдық реакцияларының ерекшеліктерін өте тар типтегі жағдайға қатысты қарастырса, кейінірек әртүрлі авторлар белгісіздікке жалпы реакцияны бөлек қарастыра бастады (uncertainty). Ұғымның мәнін айқындаудағы осы тектес айырмашылықтың орын алуы іс жүзінде ғылыми пайым үшін өте маңызды, өйткені екіұштылық көбінесе сөйлеу құрылымдарымен немесе белгілі бір жағдайларда адамдардың іс-әрекеттерімен байланысты болса, ол өз кезегінде ұғымның мәні мен мағынасын әртүрлі түсіндіруге мүмкіндік береді. Аталмыш ұғым шындықтың әмбебап сипаттамасы, оның адаммен танылуы мен күйзелуінің нышаны ретінде жеке жағдай ғана болары анық. Бұндай кең ауқымды мазмұн-болашақтың алдын ала болжаусыздығынан белгісіздіктің қайсыбір өлшемі әркез орын алуымен анықталады. Адамның қалауынан тәуелсіз ол сол белгісіздікке бейімделуге мәжбүр болып, әр адам оны түрліше кешіретіні белгілі [5].

Сонымен белгісіздікке бейімделу және оны жеңу мәселесі онтологиялық сипатқа ие болып, XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы танымдық зерттеулердің қарқынды дамуы таным процестерін зерттеуге баса назар аудара бастауымен айшықталды.

Нәтижесінде адамның шындықты тану процесінің белгілі бір жақтары мен психологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын әртүрлі терминдер пайда болды [6].

Жалпы белгісіздік жағдайлар орын алғанда мазасыздықтың артуы және стресстің пайда болуы табиғи құбылыс. Жайсыз жағдайда ондай реакция стресстік әсерлерге тиімді жауап қайтара ламауымен байқалады. Сау реакция аясында мазасыздықтың шамалы өсуі тұлғаның қорғаныс амалдарының жұмылдырылуына және оның өмірлік тонусының артуына әкеледі. Жалпы стресске төзімділіктің көрсеткіші, белгісіздікке толеранттылық іспеттес артуы мүмкін. Жалпы алғанда, осы тектес икемділіктің артуы, жаңа жағдайларға бейімделуге және қиындықтар мен ағымдағы мәселелерді сәтті шешуге ықпал етеді.

Адамдар белгісіздік жағдайларына қаншалықты жақсы төтеп бере алса, соғұрлым олармен күресу дағдылары да арта бастайды. Осы себепті, белгісіздікке толеранттылық мамандарға күрделі мәселелермен жұмыс жасауға мүмкіндік беріп, жаңадан пайда болған күтпеген жағдайларда жаңа шешімді анықтауға мүмкіндік береді. Белгілі бір істі атқаруда адам орын алған жәйттердің көп бөлігін басқара алмай қалуы әбден мүмкін, ал бақылаудың болмауы жағдайдың өзін басқару мүмкіндігін төмендетуі мүмкін. Дәл осы тектес жағдайда белгісіздік туралы сөз етіледі. Күнделікті тіршілік әрекетінде адам күн сайын белгісіздік құбылыстарына тап болып отыратыны белгілі. Мысалы, ауа-райы мен табиғи құбылыстарды, жануарлардың мінез-құлқын дәл болжау мүмкін емес. Сондай-ақ, белгілі бір жағдайда айналаңыздағы адамдар қалай әрекет ететініне сенімді бола алмайсыз. Адам қайсыбір психотипке жатқызылғанына қарамастан, кейде ол өзінің бейімділігі мен әдеттеріне қайшы келетін жәйттер де көптеп кездесіп жатады.

Зерттеу міндеттері:

1. Респонденттердің өз тұлғасын, өзге адамдарды, қоршаған әлемді стрессогенді бағалау, стреске тұрақтылықтың жалпы деңгейі (В.В.Распопиннің «Стресс көздеріне төзімділік шкаласы»), белгісіздікке интолеранттылық, белгісіздікке толеранттылық деңгейі (С.Баднердің «Толеранттылық және интолеранттылық шкаласы») және белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші, жаңалыққа қатынас, күрделі міндеттерге қатынас, белгісіз жағдайларға қатынас, белгісіздікті қалау, белгісіздікті қабылдау/бас тарту деңгейі (Маклейннің «Белгісіздікке төзімділік шкаласы») бойынша жыныстық айырмашылығын салыстыру.

2. Респонденттердің өз тұлғасын, өзге адамдарды, қоршаған әлемді стрессогенді бағалау, стреске тұрақтылықтың жалпы деңгейі (В.В.Распопиннің «Стресс көздеріне төзімділік шкаласы»), белгісіздікке интолеранттылық, белгісіздікке толеранттылық деңгейі (С.Баднердің «Толеранттылық және интолеранттылық шкаласы») және белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші, жаңалыққа қатынас, күрделі міндеттерге қатынас, белгісіз жағдайларға қатынас, белгісіздікті қалау, белгісіздікті қабылдау/бас тарту деңгейі (Маклейннің «Белгісіздікке төзімділік шкаласы») бойынша жас ерекшелік айырмашылығын салыстыру;

3. Респонденттердің өз тұлғасын, өзге адамдарды, қоршаған әлемді стрессогенді бағалау, стреске тұрақтылықтың жалпы деңгейі (В.В.Распопиннің «Стресс көздеріне төзімділік шкаласы»), белгісіздікке интолеранттылық, белгісіздікке толеранттылық деңгейі (С.Баднердің «Толеранттылық және интолеранттылық шкаласы») және белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші, жаңалыққа қатынас, күрделі міндеттерге қатынас, белгісіз жағдайларға қатынас, белгісіздікті қалау, белгісіздікті қабылдау/бас тарту деңгейі (Маклейннің «Белгісіздікке төзімділік шкаласы») арасындағы байланысты талдау;

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қойылған міндеттерді шешу үшін бірнеше психологиялық диагностикалық әдістер қолданылды:

1. Респонденттерінің тұлғасын, басқа адамдарды, қоршаған әлемді стрессогенді бағалау және жалпы стреске төзімділік деңгейлерін өлшеу үшін В.В.Распопиннің «Стресс көздеріне төзімділік шкаласы» [7];

2. Белгісіздікке интолеранттылық, белгісіздікке толеранттылық деңгейін өлшеу үшін С.Баднердің «Толеранттылық және интолеранттылық шкаласы» (Budner S. Intolerance of ambiguity as a personality variable) [8,9];

3. Белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші, жаңалыққа қатынас, күрделі міндеттерге қатынас, белгісіз жағдайларға қатынас, белгісіздікті қалау белгісіздікті қабылдау/бас тарту көрсеткіштерін бағалау үшін Маклейннің «Белгісіздікке төзімділік шкаласы» (The Mstat-I: A New Measure of an Individual'S Tolerance for Ambiguity) [10, 11].

Зерттеудің эмпирикалық және эксперименттік нәтижелерін өңдеуде, сипаттауда және түсіндіру үшін IBM SPSS Statistics компьютерлік статистикалық бағдарламасының көмегімен деректерді талдаудың математикалық статистикалық әдістері қолданылды:

1. Әдістемелердің қазақ тіліне бейімделген нұсқаларының сенімділігін айқындау үшін Альфа Кронбах критерий (Cronbach's alpha) [12].


2. Салыстырмалы тәуелсіз топтарды салыстырудан алынған екі популяцияның мәндері бір-бірінен ерекшеленетінін тексеруге үшін параметрлік емес U Манна-Уитни критерий (U; Mann–Whitney U test) [13].

3. Зерттелетін белгінің дәрежесі бойынша екіден көп тәуелсіз топтар айырмашылығын тексеру үшін параметрлік емес H Крускал-Уоллес критерий (H; Kruskal-Wallis H Test).

2. Бір үлгіге жататын айнымалылардың екі массивінің арасында статикалық маңызды байланыстың болуын немесе болмауын анықтауға мүмкіндік беретін Спирменнің (r-Spearman's) корреляциялық статистикалық әдісі арқылы есеп жасалынды [13].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Алдын ала, ерікті түрде 14 жастан 67 жасқа дейінгі (орташа жасы 22,9 жас) 319 респондент тексерілді, оның ішінде 85,33% әйелдер 14,67% ерлер. (орташа жас = 23.23, стандартты ауытқу (SD) = 10.45857). Жыныстық және жас ерекшелік құрам бойынша іріктеменің сипаттамасы 1,2 - диаграммаларда көрсетілген.



1-диаграммдан көріп отырғанымыздай респонденттердің 45% жастар, 32% ерте ересек жас шамасындағы сыналушыларды, 23% кемел жас шамасындағы сыналушыларды құрады.

2-диаграмма. Респонденттердің гендерлік құрамы



Зерттеу жұмысының барысында қолданылған әдістемелер қазақ тіліне аударылып бейімделді, ішкі үйлесімдігі Альфа Кронбах коэффициентінің негізінде есептелді. Ішкі үйлесімділік арқылы әдістеменің әрбір нақты элементінің жалпы нәтижемен байланысы айқындалып, әрбір жеке сұрақ бүкіл әдістеме бағытталған белгіні қаншалықты өлшейтіндігін анықталды. Әдістемелердің ішкі үйлесімділігінің жоғары деңгейі анықталды, атап айтқанда В.В.Распопиннің «Стресс көздеріне төзімділік шкаласы» бойынша $\alpha = 0,963$, С.Баднердің «Толеранттылық және интолеранттылық шкаласы» бойынша $\alpha = 0,849$, ал Маклейннің «Белгісіздікке төзімділік шкаласы» бойынша $\alpha = 0,895$.

Төмендегі кестелерде респонденттердің жас ерекшеліктеріне байланысты нәтижелерге сәйкес шкалалардың рангілерінің орта есебі мен Н Крускал-Уоллис Критерийі бойынша есебінің нәтижелері көрсетілген. Н Крускал-Уоллес критерийінің қолданылуымен жастық шақ, ерте ересек жас және кемел жас шамасындағы респонденттердің өз тұлғасын, өзге адамдарды, қоршаған әлемді стрессогенді бағалау, стреске тұрақтылықтың жалпы деңгейі, белгісіздікке интолеранттылық, белгісіздікке толеранттылық, белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші, жаңалыққа қатынас, күрделі міндеттерге қатынас, белгісіз жағдайларға қатынас, белгісіздікті қалау, белгісіздікті қабылдау/бас тарту деңгейін салыстыру нәтижелері төмендегі кестеде ұсынылған.

1-кесте. Респонденттердің жас ерекшеліктері бойынша рангілерінің орта есебі

Шкалалардың атауы	Респонденттердің жас ерекшеліктері	N	Рангілерінің орта есебі	Хи-квадрат	Асимптотикалық маңыздылығы
«Мен өзім» шкаласы (өз тұлғасын стрессогенді бағалау)	Жастық шақ	144	163,24	9,148	,010
	Ерте ересек жас	101	139,63		
	Кемел жас	74	181,50		
	Барлығы	319			
«Өзге адамдар» шкаласы (өзге адамдарды стрессогенді бағалау)	Жастық шақ	144	159,57	4,611	,100
	Ерте ересек жас	101	147,57		
	Кемел жас	74	177,79		
	Барлығы	319			
	Жастық шақ	144	160,81	2,291	,318

«Қоршаған әлем» шкаласы (қоршаған әлемді стрессогенді бағалау)	Ерте ересек жас	101	150,38		
	Кемел жас	74	171,56		
	Барлығы	319			
Жалпы шкала (стресске тұрақтылықтың жалпы деңгейі).	Жастық шақ	144	161,36	5,007	,082
	Ерте ересек жас	101	145,60		
	Кемел жас	74	176,99		
	Барлығы	319			
Белгісіздікке интолеранттылық	Жастық шақ	144	161,51	4,297	,117
	Ерте ересек жас	101	146,50		
	Кемел жас	74	175,48		
	Барлығы	319			
Белгісіздікке толеранттылық	Жастық шақ	144	164,43	,750	,687
	Ерте ересек жас	101	154,11		
	Кемел жас	74	159,42		
	Барлығы	319			
Белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші	Жастық шақ	144	155,76	,627	,731
	Ерте ересек жас	101	161,87		
	Кемел жас	74	165,69		
	Барлығы	319			
Жаңалыққа қатынас	Жастық шақ	144	155,74	2,539	,281
	Ерте ересек жас	101	155,18		
	Кемел жас	74	174,88		
	Барлығы	319			
Күрделі міндеттерге қатынас	Жастық шақ	144	156,36	,685	,710
	Ерте ересек жас	101	159,87		
	Кемел жас	74	167,26		
	Барлығы	319			
Белгісіз жағдайларға қатынас	Жастық шақ	144	153,11	1,889	,389
	Ерте ересек жас	101	169,53		
	Кемел жас	74	160,41		
	Барлығы	319			
Белгісіздікті қалау	Жастық шақ	144	154,48	1,616	,446
	Ерте ересек жас	101	169,44		
	Кемел жас	74	157,87		
	Барлығы	319			
Белгісіздікті қабылдау/бас тарту	Жастық шақ	144	157,43	,389	,823
	Ерте ересек жас	101	159,54		
	Кемел жас	74	165,62		
	Барлығы	319			

a. Крускол-Уоллис Критерийі

b. Топтастырушы айнымалы: Бирреннің периодизациясы бойынша

1-кестеден көріп отырғанымыздай «Мен өзім», «Өзге адамдар», «Қоршаған әлем» шкалалары, стресске тұрақтылықтың жалпы деңгейі, белгісіздікке интолеранттылық, белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші, жаңалыққа қатынас, күрделі міндеттерге қатынас, белгісіздікті қабылдау/бас тарту шкалалары бойынша кемел жас шамасындағы респонденттердің, белгісіздікке толеранттылық шкаласы бойынша жастардың, ал белгісіз

жағдайларға қатынас, белгісіздікті қалау шкалалары бойынша ерте ересек жас шамасындағы респонденттердің нәтижелері жоғары екендігі анықталды.

Крускал-Уоллис критерийі бойынша әр түрлі жас шамасындағы респонденттердің үш тобындағы «Мен өзім» (өз тұлғасын стрессогенді бағалау) шкаласының көрсеткіші статистикалық тұрғыдан маңызды екендігі анықталды, өйткені p деңгейі $<0,05$; бұл нәтиже іріктелген респонденттер тобының өз тұлғасын стрессогенді бағалау деңгейі бірдей екендігін көрсетеді. Демек, респонденттердің жас шамасы мен өз тұлғасын стрессогенді бағалау арасында байланыс бар.

Зерттеуіміздің қалған шкалалары бойынша көрсеткіштерінің деңгейі статистикалық тұрғыдан маңызды емес, өйткені p деңгейі $>0,05$; зерттеуде алынған нәтиже критерий бойынша респонденттер тобының өзге адамдарды стрессогенді бағалау, қоршаған әлемді стрессогенді бағалау, стресске тұрақтылықтың жалпы деңгейі, белгісіздікке интолеранттылық, белгісіздікке толеранттылық, белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші, жаңалыққа қатынас, күрделі міндеттерге қатынас, белгісіз жағдайларға қатынас, белгісіздікті қалау, белгісіздікті қабылдау/бас тарту деңгейі бірдей екенін көрсетеді. Бұл өз кезегінде респонденттердің жас шамасы мен оның өзге адамдарды стрессогенді бағалауы, қоршаған әлемді стрессогенді бағалауы, стресске тұрақтылықтың жалпы деңгейі, белгісіздікке интолеранттылығы, белгісіздікке толеранттылығы, белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші, жаңалыққа қатынасы, күрделі міндеттерге қатынасы, белгісіз жағдайларға қатынасы, белгісіздікті қалауы, белгісіздікті қабылдауы/бас тартуы арасында байланыстың жоқтығын көрсетеді.

U Манна-Уитни критерийінің қолданылуымен ер адамдар мен әйел адамдардың өз тұлғасын, өзге адамдарды, қоршаған әлемді стрессогенді бағалау, стресске тұрақтылықтың жалпы деңгейі, белгісіздікке интолеранттылық, белгісіздікке толеранттылық, белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші, жаңалыққа қатынас, күрделі міндеттерге қатынас, белгісіз жағдайларға қатынас, белгісіздікті қалау, белгісіздікті қабылдау/бас тарту деңгейін салыстыру міндетіне сәйкес төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік.

2-кесте. Респонденттердің жыныстық ерекшеліктері бойынша рангілерінің орта есебі

Шкалалардың атауы	Жынысы	N	Орташа рангілері	Рангілердің жалпы шамасы	U Манна-Уитни	Асимптотикалық маңыздылығы (2 жақты)
«Мен өзім» шкаласы (өз тұлғасын стрессогенді бағалау)	әйелдер	274	159,51	43707,00	6032,000	,816
	ерлер	45	162,96	7333,00		
	Барлығы	319				
«Өзге адамдар» шкаласы (өзге адамдарды стрессогенді бағалау)	әйелдер	274	157,06	43035,00	5360,000	,159
	ерлер	45	177,89	8005,00		
	Барлығы	319				
«Қоршаған әлем» шкаласы (қоршаған әлемді стрессогенді бағалау)	әйелдер	274	157,58	43177,50	5502,500	,246
	ерлер	45	174,72	7862,50		
	Барлығы	319				
Жалпы шкала (стресске тұрақтылықтың жалпы деңгейі).	әйелдер	274	157,40	43128,00	5453,000	,214
	ерлер	45	175,82	7912,00		
	Барлығы	319				
	әйелдер	274	158,34	43384,50	5709,500	,426

«Қоршаған әлем» шкаласы (қоршаған әлемді стрессогендік бағалау)	,386**	,330**	,162**	,125*	,212**	,134*	,186**	,095
	,000	,000	,004	,025	,000	,017	,001	,092
	319	319	319	319	319	319	319	319
Жалпы шкала (стресске төзімділіктің жалпы деңгейі).	,412**	,367**	,212**	,173**	,249**	,187**	,261**	,106
	,000	,000	,000	,002	,000	,001	,000	,058
	319	319	319	319	319	319	319	319
	,000	,000	,000	,000	,000	,000	,000	
	319	319	319	319	319	319	319	319

Корреляция 0,01 (екі жақты) деңгейінде маңызды.**

Корреляция 0,05 (екі жақты) деңгейінде маңызды.*

№3 кестеде келтірілген нәтижелер бойынша Спирменнің корреляциялық есебі бойынша $p=0,01$ болғанда «Мен өзім» шкаласы (тұлғаны стрессогендік бағалау) мен белгісіздікке интолеранттылық ($r=0,288^{**}$), белгісіздікке толеранттылық ($r=0,290^{**}$), күрделі міндеттерге қатынас ($r=-0,170^{**}$), Белгісіздікті қалау ($r=0,256^{**}$) және $p=0,05$ болғанда белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші ($r=,133^*$), жаңалыққа қатынасы ($r=0,117^*$), белгісіз жағдайларға қатынасы ($r=0,122^*$) арасында белгісіздікті қалау арасында сенімді корреляциялық байланыс анықталды.





«Басқа адамдар» шкаласы (басқа адамдарды стрессогенді бағалау) бойынша барлық шкалалармен $p=0,05$ болғандағы сенімді корреляциялық байланыс анықталды.

Спирменнің корреляциялық есебі бойынша $p=0,01$ болғанда «Қоршаған әлем» (қоршаған әлемді стрессогендік бағалау) шкаласы мен белгісіздікке интолеранттылық ($r=0,386^{**}$), белгісіздікке толеранттылық ($r=0,330^{**}$), күрделі міндеттерге қатынас ($r=0,162^{**}$), белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші ($r=0,212^{**}$), белгісіздікті қалау ($r=0,186^{**}$) шкалаларының арасында және жаңалыққа деген қатынас ($r=0,125^*$), белгісіз жағдайларға қатынас ($r=0,134^*$) шкалаларының арасында $p=0,05$ болғандағы сенімді корреляциялық байланыс анықталды.



Стреске төзімділіктің жалпы шкаласы (стресске төзімділіктің жалпы деңгейі) бойынша Спирменнің корреляциялық есебі бойынша $p=0,01$ болғанда белгісіздікке интолеранттылық ($r=0,412^{**}$), белгісіздікке толеранттылық ($r=0,367^{**}$), белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші ($r=0,212^{**}$), жаңалыққа деген қатынас ($r=0,173^{**}$), күрделі міндеттерге қатынас ($r=0,249^{**}$), белгісіз жағдайларға қатынас ($r=0,187^{**}$), белгісіздікті қалау ($r=0,261^{**}$) шкалаларының арасында сенімді корреляциялық байланыс анықталды.


Белгісіздікті қабылдау/бас тарту шкаласының «Мен өзім» (тұлғаны стрессогендік бағалау) көрсеткішімен теріс корреляциясы, «Қоршаған әлем» шкаласымен (қоршаған әлемді стрессогендік бағалау), стресске төзімділіктің жалпы деңгейімен жағымды корреляция анықталғанымен ол математикалық тұғыдан сенімді болмады.

Графикалық түрде зерттелген көрсеткіштер арасындағы корреляцияны және оның сызықтық трендтегі оң сипатын байқауға болады.



Белгісіздікке интолеранттылықтың тұлғаны, басқа адамдарды, қоршаған әлемді стрессогендік бағалаудағы және стресске төзімділіктің жалпы деңгейімен жағымды корреляциясы шашырау графигінде де айқын байқалуда (сәйкесінше a, b, c, d графигтері).





Белгісіздікке толеранттылықтың да тұлғаны, басқа адамдарды, қоршаған әлемді стрессогендік бағалаудағы және стресске төзімділіктің жалпы деңгейімен жағымды корреляциясы шашырау графигінде де айқын байқалуда (I, f, g, h графиктері).

Алынған нәтижені сипаттау өте оңай: егер адам өз тұлғасын, өзгелерді, қоршаған ортаны стрессогендік тұрғыдан жоары бағалаған болса, олардың белгісіздікке интолеранттылығы, белгісіздікке толеранттылығы, күрделі міндеттерге қатынасы, белгісіздікті қалауы, белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші, жаңалыққа қатынасы, белгісіз жағдайларға қатынасы соғұрлым жоғары болады.

Белгісіздікке интолерантты адам белгісіздік жағдайында немесе оның пайда болу қаупі жоғары болғанда, тіпті ондай белгісіздік болашақта дамуды және оң өзгерісті білдірсе де жоғары мазасыздықты сезінеді. Белгісіздікке толерантты адамдар өмірдің барлық салаларын, соның ішінде қарым-қатынастар мен тәжірибе жинау жүйелерін қатаң реттеуге бейім келеді. Осылайша, белгісіздікке интолеранттылық түсінігі психологиядағы ригидтілік ұғымына, ал белгісіздікке толеранттылық өміршеңдік түсінігіне жақындау болады.

Белгісіздікке толерантты адамдар ақпараттың күрделі екендігін аңғара отырып, оны түсіну үшін күш-жігерді қажет ететінін ұғынады, ал интолерантты адамдар жағдайдың күрделілігі мен белгісіздігін жеңілдетіп, күрделілігін аңғармайды.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, белгісіздікке деген интолеранттылық респонденттердің өзін, өзгелерді әне айналасын стрессогендік бағалауымен және стресске төзімділіктің жалпы көрсеткішімен байланысты, яғни күрделі, қарама-қайшылықты жағдайларды болдырмауға және оны елемеуге деген айқын ұмтылысы өзін, айналасындағы адамдарды және жалпы жағдайды жоғары дәрежеде стрессогенді деп бағалауна байланысты болады.

Қортыныды.

Біз белгісіздікке толеранттылық пен стресске төзімділік мәселесінің теориялық талдауын жүзеге асырумен қатар, зерттелген айнымалылардың жас және жыныстық ерекшеліктері мен корреляциялық талдауынан құралған эмпирикалық зерттеуді жүргізе отырып, төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік:

1. Респонденттердің өз тұлғасын стрессогенді бағалау, өзге адамдарды стрессогенді бағалау, қоршаған әлемді стрессогенді бағалау, стресске тұрақтылықтың жалпы деңгейі, белгісіздікке интолеранттылық, белгісіздікке толеранттылық, белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші, жаңалыққа қатынас, күрделі міндеттерге қатынас, белгісіз жағдайларға қатынас, белгісіздікті қалау, белгісіздікті қабылдау/бас тарту деңгейінің жыныстық ерекшеліктерінің статистикалық мәнді айырмашылығы жоқ екендігі анықталды. Дегенмен рангілік көрсеткіштері бойынша аталмыш сапалардың әйел адамдарға қарағанда ер адамдарда жоғары болу тенденциясы анықталды.

2. Респонденттердің өз тұлғасын стрессогенді бағалау көрсеткіші бойынша статистикалық мәнді айырмашылықтары бар екендігі анықталды, ал қалған басқа, өзге адамдарды стрессогенді бағалау, қоршаған әлемді стрессогенді бағалау, стресске

тұрақтылықтың жалпы деңгейі, белгісіздікке интолеранттылық, белгісіздікке толеранттылық, белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші, жаңалыққа қатынас, күрделі міндеттерге қатынас, белгісіз жағдайларға қатынас, белгісіздікті қалау, белгісіздікті қабылдау/бас тарту сынды сапалары бойынша жас ерекшелігінің статистикалық мәнді айырмашылығы анықталмады. Дегенмен «Мен өзім», «Өзге адамдар», «Қоршаған әлем» шкалалары, стресске тұрақтылықтың жалпы деңгейі, белгісіздікке интолеранттылық, белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші, жаңалыққа қатынас, күрделі міндеттерге қатынас, белгісіздікті қабылдау/бас тарту шкалалары бойынша кемел жас шамасындағы респонденттердің, белгісіздікке толеранттылық шкаласы бойынша жастардың, ал белгісіз жағдайларға қатынас, белгісіздікті қалау шкалалары бойынша ерте ересек жас шамасындағы респонденттердің нәтижелері жоғары екендігі анықталды.

3. Респонденттердің өз тұлғасын стрессогенді бағалау, өзге адамдарды стрессогенді бағалау, қоршаған әлемді стрессогенді бағалау, стресске тұрақтылықтың жалпы деңгейі, белгісіздікке интолеранттылық, белгісіздікке толеранттылық деңгейі және белгісіздікке толеранттылықтың жалпы көрсеткіші, жаңалыққа қатынас, күрделі міндеттерге қатынас, белгісіз жағдайларға қатынас, белгісіздікті қалау, белгісіздікті қабылдау/бас тарту деңгейі арасындағы жағымды корреляция бар екендігі анықталды;

Зерттеу деректерін қорытындылай келе, белгісіздікке толерантты тұлға өмір жолындағы қиындықтарды жеңуге, және субъективті бағалауының негізінде тұлғамен қауіп, зиян немесе қиындық ретінде интерпретацияланатын құбылыстар мен оқиғаларды тудыратын стресс деп бағаланғанымен, олар басқа адамдардан, қоршаған ортадан келетін қауіп-қатерлерге неғұрлым төзімді және жағдайға деген бағасы оң деп қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Frenkel-Brunswik E. Intolerance of ambiguity as an emotional and perceptual personality variable // J. Personality. – 1949. – V. 18, No 1. – P. 108–143.
2. Adorno T.W., Frenkel-Brunswik E., Levinson D.J., Stanford R.N. The authoritarian personality. – N. Y.: Harper & Row, 1950. – 990 p.
3. Müller-Christ G., Weßling G. Widerspruchsbewältigung, Ambivalenz- und Ambiguitätstoleranz // Nachhaltigkeit und Widersprüche / G. Müller-Christ, L. Arndt, I. Ehnert (Hrsg.). – Munster: Lit, 2007. – S. 180–196.
4. Dalbert C. Die Ungewißheitstoleranzskala: Skaleneigenschaften und Validierungsbefunde // Hallesche Berichte zur Pädagogischen Psychologie. – 1999. – H. 1. – S. 1–25.
5. Alishev B.S. Psihika i preodolenie neopredelennosti // Psihologiya: ZHurn. Vyssh. shk. ekonomiki. – 2009. – T. 6, № 3. – S. 3–26.
6. Matushanskaya A.G., Alishev B.S. Tolerantnost' k neopredelennosti i smezhnye psihologicheskie konstrukty kognitivnoj psihologii. Uchenye zapiski kazanskogo universiteta. Tom 153, kn. 5. Kazan' 2011, 25-33 str. file:///C:/Users/User/Desktop/%D0%A1%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D0%B8%20%D0%B7%D0%B0%202021_22/%D0%BC%D0%B0%D1%8F%20%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D1%8F%20%D0%BD%D0%B0%D1%87%D0%B0%D0%BB%D0%BE/153_5_gum_3.pdf
7. Raspopin E.V. Shkala ustojchivosti k istochnikam stressa. NOU VPO «Gumanitarnyj universitet», Ekaterinburg, Rossiya. URL: <https://s.science-education.ru/pdf/2012/6/16.pdf>
8. Budner S. Intolerance of ambiguity as a personality variable // Journ. of Personality. 1962. Vol. 30. P. 29–40. [Electronic resource]. Available at: <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/13874381/>
9. Kornilova T.V., CHumakova M.A. SHkaly tolerantnosti i intolerantnosti k neopredelennosti v modifikacii oprosnika S. Badnera // Eksperimental'naya psihologiya, 2014. №1. S. 92-110.
10. McLain D.L. The MSTAT-I: A new measure of an individual's tolerance for ambiguity // Educational and Psychological Measurement. 1993. Vol. 53, N 1. P. 183-189. [Electronic resource].

Available at: <https://motamem.org/wp-content/uploads/2020/08/Tolerance-for-Ambiguity-Questionnaire.pdf> (дата обращения: 15.02.2022)

11. Leont'ev, D.A., Osin, E.N., Lukovickaya, E.G. Diagnostika tolerantnosti k neopredelennosti: SHkaly D. Maklejna. - M.: Smysl. -2016.-58 s.

12. Nasledov, A. D. Matematicheskie metody psihologicheskogo issledovaniya. Analiz i interpretaciya dannyh [Tekst] / A. D. Nasledov. – SPb.: Rech', 2004. – 392 s.

13. Slepko YU. N., Ledovskaya T. V., Cymbalyuk A. E. Analiz dannyh i interpretaciya rezultatov psihologicheskogo issledovaniya [Tekst] : uchebnoe posobie; izd-e 2-e, ispr. i dop. / YU.N. Slepko, T.V. Ledovskaya, A. E. Cymbalyuk. – YArosavl': Izd-vo YAGPU im. K.D. Ushinskogo, 2015. – 164 s.